

**Мәслихаттың 2014 жылғы 28 қарашадағы № 272 "Тұрғын үй көмегін көрсету қағидасын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қостанай облысы Меңдіқара ауданы мәслихатының 2015 жылғы 20 наурыздағы № 298 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 7 сәуірде № 5503 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Меңдіқара ауданы мәслихатының 2024 жылғы 22 мамырдағы № 127 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Меңдіқара ауданы мәслихатының 22.05.2024 № 127 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 97-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес Меңдіқара аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мәслихаттың 2014 жылғы 28 қарашадағы №272 "Тұрғын үй көмегін көрсету қағидасын бекіту туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5241 тіркелген, 2015 жылғы 8 қаңтарда " Меңдіқара үні" аудандық газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген, Тұрғын үй көмегін көрсету қағидасында:

1-тармақтың 1) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"1) жекешелендірілген тұрғынжайларда тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстарды;"

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

О. Нұрабаев

Аудандық

мәслихаттың хатшысы

В. Леонов

КЕЛІСІЛДІ

"Меңдіқара ауданының жұмыспен қамту

және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің басшысы

\_\_\_\_\_ В. Гребенюк

"Меңдіқара ауданының экономика

және бюджет жоспарлау бөлімі"  
мемлекеттік мекемесінің басшысы  
\_\_\_\_\_ Г. Айсенова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ